

$$W_1 = \frac{(A_2 - A_1)1000K}{V} \text{ г/м}^3, \quad (11)$$

$$W_2 = \frac{(A_2 - A_1)100K}{V\rho} \text{ вес}\%, \quad (12)$$

мұндағы:

W – су буының мөлшері, г/м<sup>3</sup>;

A<sub>1</sub> - тәжірибеге дейінгі түтікшенің салмағы, г;

A<sub>2</sub> - тәжірибеден кейінгі түтікшенің салмағы, г;

V – жіберілген газдың көлемі, дм<sup>3</sup>;

ρ - газдың тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

K – газды нормалды жағдайға келтіру коэффициенті.

$$K = \frac{P_0 T}{P T_0} \quad (13)$$

## 2.6 Тапсырма

Номограмма бойынша (3-сурет) әр түрлі температуралар мен қысымдарда газдың ылғалдылығын анықтап, (9) және (10) формулалар арқылы есептеп алынған мәліметтермен салыстыру керек. 10-кестенің варианттарындағы берілген мәліметтер бойынша есептеп, 9-кестеге енгізу тиіс. Өзара әр түрлі әдістер арқылы алынған мәліметтердің ауытқуларын түсіндіріп беру керек.

### 9-кесте

Қысым, МПа	Газдың ылғалдылығы					
	Температура 20 °С			Температура 60 °С		
	Формулалар		Номограмма бойынша	Формулалар		Номограмма бойынша
	1	2		1	2	
0,1						
0,5						
1,0						
1,5						
2,0						
2,5						
5,0						

### 10-кесте. Тапсырмалар варианттары

Вариант номері	Газдың меншікті тығыздығы	Тұздардың мөлшері, г/л
1	0,6	0
2	0,6	5
3	1,0	10